

КІРІСПЕ

Тиімді құрылыс материалдар технологиясы мен оны өндіретін өндіріс мекемелерін жобалап, өндіріске өндіру қазіргі күннің көкейтесті мәселелері болып табылады. Осындай тиімді материалдар есебінде автоклавты газдыбетон жатады. Автоклавты ұялы бетонның қазіргі уақытта өндіріліп, көптен-көп қолданылатын ауыр бетонмен немесе кірпішпен салыстырғанда жетістігі көп мысалы, 1 м^3 ұялы бетон алу үшін, дәл осындай ауданға жұмсалатын кірпішпен салыстырғанда шикізат 5-есе аз ысырабталады. Оның үстене 1 м^3 кірпіш қабырғалық салмағы-700 кг, ал ұялы бетонның массасы-170 кг.

Ұялы бетонның ішкі құрылысының қуысты болуына орай, олардың жылу мен дыбыс ұстау көрсеткіштері жақсы жағынан ерекшеленеді. Тағы бір жетістігі ұялы бетонды өндіруде, көрсетілген вариантпен салыстырғанда энергия ысырыбтары 2-есеге дейін аз. Бұрынғы айналған кірпішті қабырға қалауға салыстырғанда құрылыстағы орындалған, жұмыстың еңбек сыйымдылығы-1,5-1,8 есе төмендейді. Газдыбетон бұйымдар өндірісінің ұйымдастыруға жұмсалған күрделі қаражат эквивалентті жағдайда қолданылған керамикалық бұйымдармен салыстырғанда 2-есеге дейін кемиді екен. Ал егер қабырғаны майда, ұялы бетоннан алынған блоктармен құрастырсақ, онда құрылыстағы еңбек ысырабы 2,3-3 есе төмен болады.

Қазақстанда құрылыс материалдарының көптеген түрлерін дамытуда айтарлықтар жетістіктер бар. Соның ішінде негізгі маңызы зор құрылыс материалдары болып газдыбетон табылады. Газдыбетон материалдары бұйымдар жасау үшін қолданылатын басқада силикат материалдарға қарағанда кең қолданылып жүрген материалдың бірі. 1 м^2 газдыбетон алу үшін кірпішпен салыстырғанда 5 есе шикізат материалдары аз кетеді. Энергия шығыны кірпіш өндіруге қарағанда газдыбетонда 2есе аз. Кірпіштің орнына құрылыста газдыбетоннан жасалған материалдарды қолдану, жұмыс шығынын 1,5-1,8 есе азайтады. Қаржылық құю, яғни бюджеттік шығын ақша, газдыбетон өндіруге керамика тастары мен кірпішін өндіруге қарағанда 2 есе аз. Құрылыста кірпіш пен тастарға қарағанда газдыбетон бұйымдарын қолдану тиімді.

Ұялы бетон технологиясы қарапайым және төменгі операциялардан тұрады: әкті-шлакты-құмды тұтқырларды дайындау кейбір полимерлі қоспаларды араластыру арқылы оларды бетон құрамына ендіру және жаңа технологиялық бойлықты пайдалы қолданып білу. Осы–бойлықтың жұмысымен танысқаннан соң жабдықтардың қолайлы орналасқанын жұмыс істеу принциптері тиянақты және сенімді.

Ауыр технологиялық жұмыстарды автоматтандыру мен механикаландыруға болатындығы, бір бойлықтың ішінде әртүрлі бұйымдар өндіру мүмкіндігі мен автоклавтың ішкі жұмысшы көлемін тиімді қолдануға болатындығына көз жеткізуге болады.

1 Технологиялық бөлім

1.1 Құрылысқа арналған алаңды сипаттау

Ақтөбе облысы көлемі бойынша екінші облыс болып табылады, территория көлемі– 300,6 кв.км, ол мемлекет территориясының 11 % алып жатыр. Әкімшілік түрде Ақтөбе қаласы, 12 аумақ және 4 кіші қалашықты байланыстырады. Облыстағы ірі экспортты брендты өндірістер АО «406-ГА авиажөндеу зауыты», АО «СНПС-Ақтобемунайгаз», АО «Ақтобедегі хромды байланыстар зауыты», АО «Актюбрентген», Донской ГОК және Ақтөбе феррум балқыма зауыты, АО «ТНК «Казхром» - олар алыс және жақын шетел базарларында кең таралған. 700-ге жуық өндіріс орындары іске қосылған.

Республикамыз дамып келе жатқанда, Еуропа, Америка және Азия елдері сияқты дамыған елдердің өндірістерімен бірдей дәрежеде болу үшін, бүкіл экономиканы қайта құру керек. Шикізаты дұрыс дамымаған мемлекеттен, өндірісі мен индустриясы дамыған мемлекетке көшу. Осы айтылған факторларды талдай отырып, құрылыс аймағы ретінде Ақтөбе қаласын таңдадым.

Дайындалып отырған жобада МемСТ 25485-89 және МемСТ 21520-89 мен СНиП2.03.01-80-талаптарына жауап беретін бұйымдар келтірілген. Көрсетілген нормативті құжаттардың ережелері газдыбетоннан алынған ұсақ қабырғалық блоктарға жарайды.

Аталған блоктарды көбінесе ғимарат ішінде агрессивті факторлар болмайтын және ондағы салыстырмалы ауа ылғалдылығы-75% көп емес жағдайда олардың ішкі және сыртқы қабырғаларын қалауға қолданады.

1.2 Зауыттың жұмыс ережесі

Жұмыс тәртібін есептеудің негізгі мақсаты технологиялық жабдықтарды есептеуде, шикізаттарды есептеуде, тізімдік жұмысшы құрамын есептеуде негіз болуы қажет. Жұмыс тәртібі өндірісті жобалаудың технологиялық нормаларына сай орнатылады, олар жоқ болған жағдайда технология талаптарына сай жасалынады. Ол технологиялық жабдықтарды, шикізаттарды, жұмысшы құрамын есептеуде негізгі пункт болып табылады.

Кәсіпорынның жұмыс істеу уақытының номинальды жылдық қоры төмендегі формуламен анықталады

$$T_{ж} = N \cdot n \cdot t, \quad (1)$$

$$T_{ж} = 255 \cdot 2 \cdot 8 = 4080 \text{ сағ.}$$

мұндағы N-жылдық жұмыс күнінің мөлшері;

n-тәуліктегі жұмыс ауысымының мөлшері;

t-ауысымдағы жұмыстың сағаттық ұзақтылығы.

Жалпы және бөлек тізбектер мен өндіріс қуатына негізделген үздікті және үзілмелі аптадағы сағаттық жұмыс істейтін технологиялық жабдықтардың жұмыс уақытын есептеу қоры төмендегі формуламен анықталады

$$\Phi_{\text{кор}} = T \cdot C \cdot K_{T,H}, \quad (2)$$

мұндағы T-бір жылдағы тәуліктік жұмыс саны, сағат;

$K_{T,H}$ -қолданылған жабдықтардың орташа жылдық коэффициенті(0,8-0,95);

C-тәуліктегі жұмыс сағатының мөлшері.

Жылдық үздіксіз жұмыс істейтін жабдықтың жұмыс істеу уақытын есептеу

$$T_p = T_r \cdot K_{K,H} = 4080 \cdot 0,90 = 3672$$

Жабдықтарды жөндеу үшін жабдықтарды техникалық қолдануға арналған коэффициент қабылданған $K_{T.H}=0,8-0,95$.

Қабылданған зауыттың жұмыс тәртібі кестеге енгізіледі.

2 Кесте Зауыттың жұмыс тәртібі


Шикізаттың аталуы	Жылдық жұмыс күнінің саны	Тәуліктегі ауысым саны	Жұмыс ауысымының ұзақтығы, сағат	Жұмыс уақытының жылдық фонды	
				Тәулік	Сағат
Шикізаттарды қабылдау	255	1	8	8	2040
Шикізаттарды дайындау	255	2	8	16	4080
Қалыптау	255	2	8	16	4080
Кептіру	255	3	8	24	6120
Автоклавта	255	3	8	24	6120
Өңдеу	255				

- | | |
|---|------|
| 1) Жылдағы тәулік саны | -365 |
| 2) Мейрам күндері мен демалыс күндерінің саны | -60 |
| 3) Жылдық есептік тәуліктер саны | -255 |
| 4) Апталық жұмыстың ұзақтығы, тәулік | -5 |
| 5) Тәуліктегі жұмыс ауысымының саны | -2 |

- 6) Ылғалды жылумен өңдеудің жұмыс сменасының саны -3
- 7) Шикізат пен материалдарды қабылдау және бұйымдардың шығарылуы:
- А) темір жол көмегімен -3
- Б) автокөлікпен -2
- 8) Жұмыс ауысымының ұзақтығы, сағат -8

1.3 Өндіріс өнімінің номенклатурасы

3 Кесте – Өндірістік бұйымның номенклатурасы мен техникалық сипаттамасы

Бұйымның аталуы мен эскизі	Маркасы (типтік өлшемдері)	Өлшемдері, мм			Бұйым массасы, кг
		ұзындығы	ені	биіктігі	
	D800	588	200	288	26,4

Жобаланатын өнімдердің жобалық қуаттылығы жылына 50000 м³ –те болатын газдыбетоннан жасалған жеңіл қабырға блоктарын жасауға арналған.



1 Сурет - Газдыбетонның сыртқы көрінісі

4 Кесте Бұйымдардың өндірістік бағдарламасы

Бұйымның аталуы	Жылына	тәулігіне	Ауысымына	Сағатына
Газдыбетон	50000	274,5	137,25	17,16
	2121212	8318	4159	520

1.4 Шикізат материалына сипаттама

Газдыбетон блоктарын өндіру үшін шикізат ретінде: портландцемент, әк, гипс, құм, су және АІ-ұнтағын қосады. Жобаланатын кәсіпорын Ақтобе қаласында орналасқандықтан шикізаттарды жақын жерлерден тасымалдаймыз. Батыс Қазақстан облысы Ақтобе қаласындағы "Ақтобе Glass" компаниясына қарасты Айсара кен орнынан кварцты құмды тасымалдаймыз, портландцементті Шымкент қаласынан, құрылыс әгін Текелі қаласындағы "Типсо-Газ-Синтез" ЖШС әк зауытынан алынады. Шикізаттарды теміржол тобы арқылы тасымалдаймыз.

Байланыстырғыш зат есебінде қолданылатын әк МемСТ 9179-77 және цемент МемСТ 10178-85 талаптарына жауап беруі қажет. Цементтің ұнтақтығы, ПСХ-2 приборымен анықталады. Құм құрамында қоспалары МемСТ 8736-97 талаптарына жауап беруі қажет. Кварцты құм болса МемСТ 3476-79 шарттарына жауап беретіндей болады. Ондағы SiO_2 мөлшері-70% көп болған жөн. Слюда-0,5% көп емес, шаң-тозаңды, балшық қоспалар-3% тен көп болмауы қажет. Шартты құм болмаған жағдайда, құмның құрамындағы мөлшері-60% жететін дала шпатты құмдарды қолдануға қажет, рұқсат етіледі, Су МемСТ 23732 талаптарына сай болады.

Портландцемент. Газдыбетон блок өндірісінде маркасы ПЦ400-Д20 «АО Шымкентцемент» портландцементі қолданылады.

Портландцемент-суда немесе ауада қатаятын гидравликалық байланыстырғыш зат. Ол клинкерді гипс қосып ұнтақтау арқылы алынатын сұр түсті ұнтақ түрінде болады. 1,5-3,5 пайыз гипсті оның ұстасу мезгілдерін реттеу үшін қосады. Себебі, гипсіз ұнтақталған клинкер бірнеше минуттың ішінде үлгереді де құрылыста қолдануын қиындатады.

Цемент сапасына негізінен тез қатаю қасиеті бар жоғары берік гидравликалық заттың қасиеттері бар үш кальцийлі силикаттың (алит) жоғары мөлшерде болуы әсер етеді. Екі кальцийлі силикат (белит)-орташа тығыздыққа ие, баяу қатаятын гидравликалық байланыстырғыш.

МемСТ 10178-85 портландцементтің үш түрін өндіруді қамтыған: Д20-қосылған активті минералдық қоспалар мөлшері 20 пайызға дейін глиежден басқа шөкпелі тау жынысынан алынған минералдық қоспалар немесе 20 пайызға дейін домналық және электротермофосфорлық гранулданған шлактар, глиеждер және басқа минералдық қоспалар қосылған портландцементтер. «АО Шымкентцемент» зауытынан алынады.

Цемент сапасын көрсететін негізгі қасиет оның беріктігі болып табылады.

Толтырғыш-бетон құрамында толтырғыш мөлшері 80% болады, ол бетон қасиетіне, ұзақ мерзімділігіне және өзіндік құнына әсер етеді. етонға толтырғышты енгізе отырып, цемент шығынын азайтады. Сонымен қатар толтырғыштар техникалық қасиеттерін жақсартады.

Жеңіл бетондарға толтырғыш ретінде тығыздығы 1200 кг/м^3 , түйіршік

ірілігі 5мм (құм) және тығыздығы 1200 кг/м³ болатын табиғи және жасанды төгілмелі кеуекті материалдарды қолданылады. Жасанды кеуекті толтырғыштарды өндіріс қалдықтарынан немесе силикатты шикізатты майдалап електен өткізіп, термиялық өңдеу арқылы алады.

Бетонға арналған толтырғыштарға толықтырғыштың бетон қасиетіне әсері бойынша талаптар қойылады. Толықтырғыш түйіршікті материал болып есептеледі, сондықтан бірнеше заңдылықтарға ие. Бетон қасиетіне толықтырғыштың тазалығы, беріктігі және түйіршіктік құрамы әсер етеді.

Кварцты құм-Батыс Қазақстан облысы Ақтөбе қаласындағы "Актобе Glass" компаниясына қарасты Айсара кен орнынан тасымалданады. ТОО "Актобе Glass" өнімдері МемСТ 22551-77 талаптарына сәйкес келеді. Кварцты құм ВС-050, С-070 маркасына сәйкес келеді.

Құмның физико-механикалық қасиеттері: Көлемді төгілмелі тығыздығы, т/м³: 1,44-1,68 (орташа 1,50); шынайы тығыздығы, г/см³: 2,6-2,7 (орташа); су сіңіргіштігі, %: 8,5-9,5 (орташа 9,0); ірілік модуль 0,53-0,70 (орташа 0,60); саз және шаң құрасы %: 0,04-7,3 (орташа 1,72).

Құрылыс әгі дегеніміз-әктасын, борды өртеу арқасында, оның құрамындағы көмір қышқылының, аяғына дейін бөлініп шығуынан пайда болған байланыстырғыш материал. Әк өңдеу түріне байланысты мыналарға бөлінеді: сөндірілмеген және сөндірілген.

Егер әктің құрамында MgO 7% аз болса ол кальцийленген деп, ал егер 7% көп болса магнезиаланған деп бөлінеді. MgO көп болған сайын әк нашар сөндіріледі және сөндірілгенде жылу аз болады. Сөндірілу температурасына байланысты төменгі температурада сөндірілген 70 градустан төмен және жоғарғы температурада сөндірілген болып бөлінеді.

Әк илемін сөндірілмеген әк тасын немесе сөндірілмеген ұнтақталған әкті сумен сөндіру арқылы алады, бұл дегеніміз CaO және MgO гидратқа айналдыру.

Әктің қасиетіне құрамындағы балшық, құм және тағы басқа қатты әсерін тигізеді. Құрамында қоспасы аз әк жақсы күйдірілген болса сумен араласқанда тез және түгел сөндіріледі.

Әктің ұнтақтылығы, ПСХ-2 приборымен анықталғанда көрсеткіштері бір сапа беруі мүмкін.

Тұтқыр зат есебінде қолданылатын әк МемСТ 9179-77 талаптарына жауап беруі қажет. Осыған орай әктің белсенділігін анықтайтын қос тотықтың CaO+MgO қосындысы 70% аз болмауы керек. Сөну жылдамдығы 5-15 минут.

Әктің ұнтақтығы, ПСХ-2 приборымен анықталғанда көрсеткіштері бір сапа өзгеруі мүмкін.

Гипс. Гипс байланыстырғыш материалы дегеніміз шикізатты жылу арқылы өңдеп, құрамында жарты молекула суы бар затты ұнтақтау арқылы алынған зат.

Гипс тасы екі молекула суы бар күкірт қышқылы кальций тұздарынан тұрады. Гипстің химиялық құрамы CaO-32,56% (кальций тотығы); SO₃-46,5% (күкіртті ангидрит); H₂O-20,93%. Екі сулы гипс шикізат минералы жұмсақ,

МООС шкаласында оның қаттылығы екіге тең. Екі сулы гипстің тығыздылығы 2,2-2,4. Таза гипс мөлдір немесе ақ түсті болады.

Гипс тасы негізінен 110-180°C температура аралығында өңделеді.

Алюминий пудрасы-жіңішке дисперсті алюмин ұнтағы, формалардың орташа диаметрі 20...50 және қалыңдығы 1...3 мкм. Алюминийдің әрбір бөлшегі стерианның жұқа қабатымен қапталған, ол пудраға гидрофобты әсер береді.

1.5 Бұйымдардың өндіріс тәсілін негіздеу

Конструкционды жылу оқшаулағыш ұялы бетон бұйымдарын өндіру келесі маңызды технологиялық операциялардан тұрады: шикізат материалдарын дайындау, бетон араласпасын дайындау, бұйымды қалыптау және бұйымдарды жылу ылғалды өңдеуден өткізу. Бұйымдарды қалыптау кезінде көбіктелген массаның ұстамдылығын арттыру үшін, сонымен қатар қатаю кезіндегі үлкен көлемді цементті жаңа түзілімді, жылу оқшаулағыш ұялы бетон технологиясында ұсақ дисперсиялы композицияларды қолданады. Тәжірибе жүзінде шикізат материалдарын дайындаудың екі әдісі қолданылады:

Бірінші негізгі масса ылғалды ұнтақ кремнеземді компоненттен (кұм) және құрғақ ұнтақ әкті-кұмды байланыстырғыштан (әк:кұм қатынасы 1:2 тең) тұрады. Кұмды шламда құрамындағы суды бірқалыпты ұстайды, оның аққыштығын қамтамасыз етеді (шлам тығыздығы 1,6 г/см³ шамасында).

Шихта-әк біріккен құрғақ ұнтақ шикізат компоненттері, массадағы цемент және әктің соңғы ылғалдылығы 2%-дан аспайды. Шикізат араласпасының негізгі компоненттері ұнтақталғаннан кейін келесі дисперстімен сипатталуы керек S_{vd} , см²/г: кремнеземді компонент (кұм) 1500...2000 аз емес; әк-4500...5000; цемент-3000...4000.

Ылғал секілді құрғақ ұнтақ ПАВ қатысуымен жасалуы керек, ол ұнтақтылықты интенсификациялайды, жиі бөлшектердің (жабысуын) агрегираттауды алдын-алады, металдың ұнтақтылығын азайтады. Құрғақ компоненттер құрамындағы ПАВ массасы 0,1...0,25%.

Газдыбетон бұйымдарын екі әдіспен дайындайды: құю және діріл технологиясы бойынша. Газдыбетон технологиясында қалыптау қоспасын дайындауға компоненттерді мөлшерлеу және берілген технологиялық құрылым алғанша біртекті қоспа дайындалады. Бұл жағдайда араласпаның кеуектенуі бұйымды қалыптау сатысында жүреді. Бетон араласпасы және дайын ұялыбетон бұйым құрылымына маңызды әсер етуші фактор болып, араласпаның барлық көлемінде аз мөлшердегі (0,6...0,7 кг/м³) газтүзгіштің (алюминий пудрасының) бірқалыпты таралуы болып табылады.

Газдыбетон қалыптау массасын дайындауда және араласпаның температурасы 35°C төмен болмау үшін шлам мен суды 40...50°C қыздыру қарастырылады. Бұл араласпада алюминий пудрасының Ca(OH)₂ мен

әрекеттесуі интенсификацияны қамтамасыз етеді.

Шикізат материалдарын келесідей салады: құмды немесе золды шлам, судың жетіспейтін мөлшері, байланыстырғыш, газтүзгіш. Қоспалар-гипс, ПАВ және басқалары-араластырғышқа байланыстырғыштармен бірге салады. Компоненттерді газтүзгіш салғанша-1...3 минут араластырады, газтүзгішті салғаннан кейін-1...3 мин араластырады.

Дірілді араластыру технологиясы кезінде діріл араластырғыштың корпусында жүреді.

Құю технологиясында ұялыбетон араласпасының көбіктенуі қозғалмайтын қалыптарда 25...50 мин аралығында жүреді, діріл алаңында қондырылған қалыптағы қоспаны діріл арқылы көбіктендіргенде, газ бөлінудің бүкіл процессі кезінде (3...6 мин) 15...150 ГЦ жиікте және 0,6...0,2 амплетуда да дірілдетеді. Газдыбетон бұйымдарының технологиясында қалыптау кезеңі-технологиялық операциялардың маңызды бір бөлігі, өйткені дәл осы сатыда материалдың кеуекті құрылымын қалыптау жүреді. Бұл кезеңде негізгі шарттар газ шығарудың кинетикалық шарттары массаның реологиялық шарттарына 0,6...0,2 мм сай келуі керек.

Тиімді тәсіл болып дірілді қосыту жатады. Дірілді қосыту технологиясы су/қатты зат қатынасы 0,35...0,4 жоғары тұтқырлығы газдыбетон қоспаларын пайдалануға негізделген (су құю технологиясында су/қатты зат 0,55-0,65). Діріл әсерінен иммоилизациялық суды босатылады соның себебінен газдыбетон массасы бөлшектері қозғалады, сонымен жүйенің ақыштық қасиеті жоғарылайды. Осы жағдайда жүйенің шектелген кернеу жылжуы, минимумға дейін азаяды сонымен массадағы кеуектер пайда болу процессі зор жеңілденеді. Сол себептен өзімнің дипломдық жобамда газдыбетон блоктарын өндіру үшін дірілді тәсілді қолданамын.

Газдыбетонды дайындау кезіндегі негізгі операциялар-газдыбетон араласпаны дайындау, қалыптау және бұйымның қатаюы. Бұл процесстер стендті, ағындық-агрегатты және конвейрлі әдістермен орындалады, өндірудің технологиялық сызбасы өндіріс алаңдары мен қондырғыларды пайдалануға, бұйымның өзіндік құны мен еңбек өнімділігіне елеулі әсер етеді. Сондықтан өндірістің технологиялық сызбасын таңдауды техника-экономикалық негіздеу қажет.

Газдыбетон блоктарды өндіретін болғандықтан біз кесу технологиясын қолдандық. Автоклавты ұялы бетон өндірісінде кесілетін технология қолдансақ, онда қалыптау процесінің өзі үш кезеңнен тұрады:

Бірінші кезең кезінде арнайы қалыптайтын қалыпқа биіктігі 0,6 дан 1,6 м дейінгі үлкен массив қалыпталады. Бастапқы кезде қалыпталаатын бұйымның ең үлкен өлшемі кесу әдісіне тікелей байланысты және өзгеріп отырады.

Екінші кезеңде, бастапқы 1-ші кезеңде алынған массивті, бір-біріне перпендикулярлы бағытта, берілген геометриялық пішіні мен өлшемдері бар бөлшектерге блоктарға келеді.

Массивтерді блоктарға бөлу арнайы осы мақсатқа арналған және ұзындығы, ендігі және биіктігі жағынан керекті өлшемдерге келуге

мүмкіншілік беретін біртүрлі машиналармен іске асырылады.

Бұл ретте блоктардың бір түрінен екінші түріне ауысу кезінде өлшемі жағынан кесетін машинаның жұмыс органының барлық бойлыққа ауыстырмай –ақ іске асыру мүмкін және шамалы өзгеріс тудыратын бөлшек ауыстыруға барлығы 10-15 минут уақыт сарапталады. Бір айта кететін жағдай, ол кесілген бөлшектің ұзындығы қалып ұзындығынан көп бола алмайды.

Ол дегеніміз алынатын бұйым геометриясының қалып өлшемдеріне байланыссыз екенін көрсетеді.

Үшінші кезеңде бұйымды дайындау бұйымның пайда болуындағы автоклавты өңдеуден кейін арнайы станоктарда жүргізіледі.

Газдыбетоннан бұйым дайындаудың жаңа әдісінің басқа әдістермен салыстырғандағы жетістіктері болып, бұйым дайындау кезінде оны сан-алуан ассортиментін бір мәселеде, кәдімгі үйреншікті қалыптарда, жабдықтарда қолданып-ақ, оларды анау айтқан қайта жабдықтамай өндіруге мүмкіндігі бар. Осы әдістің тағыда бір ескерте кететін жақсы жағы ол тұрақты өндірістік алаңды жақсы пайдаланып дайын бұйым санын көбейту арқылы, өндіріс қуаттылығын 1,5-2 есе арттыру болып табылады. Бірыңғайланған және біртүрлі қалыптарда бір уақытта бүтін бір топ бұйым дайындау, процесіндегі еңбек сыйымдылығын қысқартады, комплексті механизациялау мен автоматтандыруға жағдай жасайды, осының қорытындысында 1м^3 (масса) дайын бұйымға жұмсалған еңбек ысырабы 1,5-2 есе қысқарады. Мұнымен қатар жабдықтардың металл сыйымдылығы азаяды, процестердің энергия сыйымдылығы кемиді және 1м^3 газды массады өндіруге жұмсалатын материалдардың ысырабы 1,5-2 есе жақын қысқарады. Осы әдістің аталған жетістіктері газомассаның кесу технологиясын басқа әдістермен салыстырғанда, алдыңғы қатарлы деңгейге көтеріледі және оны ең негізгі басты технология деп санауға мүмкіндік береді.

Соңғы кезде, газдыбетонды қалыптау негізінде дірілді технологияны көбінесе қолдана бастады. Бұл технологияны бұйымдарды дайындаудағы технологиялық циклдің қысқаруына, массаның ісіну процесін белсенді түрде реттеуге, ылғалдылықты төмендету мен химиялық қоспаны пайдалану салдарынан бұйымның физикалық және механикалық көрсеткіштерін жақсартуға мүмкіндік туғызады.

Жоғарыда аталған талдаудың қорытындысы бойынша ұялыбетонды өндірудің кесіу технологиясы, басқа әдістермен салыстырғанда, әзірше тиімді және пайдалы екені көрініп тұр. Болашақта бұйымдардың қалыптаудың дірілді технологиясының, өңдеу кезіндегі орындалатын операциялардың бір-бірімен сай келуі жағымен байланыстырып отыр.

Одан басқа жобада жаңа жабдықтарды қолданып өндірістік қалдықсыз бұйым шығару көзделген. Демек, жаңа жабдықтарға сай келетін жаңа еңбек әдістерін қолдану арқылы, еңбекті қорғаудың, техника қауіпсіздігінің сақтау әдістерін жаңа пайда болатын түрлерін тексеріп көруге, жаңа сақтану әдістерін ойластыруға болады.


Жоғарыда айтылған негізгі мәселелерді ескере отырып, дірілді және

кесінді технологияны қолдану негізіндегі, газдыбетонды блоктарды өндіретін өндірістік мекеменің жобасы жасалады.

1.6 Бұйымдарды өндірудің технологиялық тізбегі

Газдыбетон қоспасын дайындау. Мөлшерлегішті қоса және берілген технологиялық құрылым бойынша барлық компоненттерді қосып бірқалыпты ерітінді алғанша араластырады. Ерітіндінің көбіктенуі бұйымды қалыптау сатысында жүреді.

Газдыбетон араласпасын қалыпқа дайындау келесідей. Газдыбетон қоспасының компоненттерін мөлшерлегеннен кейін гидродинамикалық газдыбетон араластырғышына салынады, оның сыйымдылығы 5 м^3 дейін (1сурет) қосылған араластыру механизмі келесі кезекпен жүреді: құмды шлам, су байланыстырғыштар және газтүзгіш суспензия түрінде. Қоспаны араластыру ұзақтығы газтүзгішті салмасқа дейін 3-5минут. Газтүзгішті салғаннан кейін 1-3 минут араластырады, араласпа газдыбетон араластырғышынан қалыптау постына келеді. Газдыбетонға қалыптау массаны дайындау үшін шлам мен суды $40-45^{\circ}\text{C}$ дейін ысту қарастырылады, ол қоспа температурасы 35°C төмен емес температураға жету үшін. Ол алюминий пудрасымен $\text{Ca}(\text{OH})_2$ қоспасымен интенсивті араласады. *Қалыпты дайындау.* Бірінші қалыпты ескі жабысып қалған бетоннан тазартудан басталады, қалыптың ішкі бетін майлап, байланысқан қалыпты қатырып, бұйымды арматуралау үшін арматура каркастарын салады. Қалыпты дайындаудың соңғы сатысы болып арматура каркастарын, анкерлерді және салынатын детальдар болып табылады. Каркастар мен орналастырылатын бөлшектерді салғанда осы элементтер қалыпта өзінің орнында тұруын нақты бақылау керек. *Бұйымдарды қалыптау.* Бұйымдарды қалыптау қоспаны горизонтальды қалыпқа құюдан басталады, берілген көлемді массаға дейін қопсытылу осы жерде болады. Қалыптау сатысы-газдыбетон бұйымдарының технологиясындағы маңызды операция. Бұл сатыла көбіктелген масса алудың негізгі шарттарын сақтау керек, жақсы жоспарланған көбіктендіргіш бөлінген газ кинетикасы массасының реологиялық құрылымына сәйкес келуі керек. Дірілдету технологиясында газдыбетон массасының көбіктенуі массасында болады, оны газ шығарудың (3-6 мин) бүкіл процессі кезінде дірілдетеді, жиілігі 15-150 Гц механикалық мінездемелері уақытында бөлумен анықталады.



2 Сурет -Бұйымдарды өндірудің технологиялық тізбегі

Ең тиімді құрылым құраудың әдісі массаны қопсыту болып табылады. Дірілді тоқтатқаннан кейін діріл арқылы бұзылған құрылымдық байланыстар жылдам орнына келеді, нәтижесінде беріктігі және массаның көбіктену қасиеті жоғарылайды, шөгуімен бекітіледі. Қалыптарды газдыбетон араласпасымен биіктігі бойынша жартылай толтырады, араласпа қопсытылғаннан кейін қалыпты толық толтырады (құйманың биіктігі шамамен 1/3 құрайды). Одан кейін қалыптар «ашу» аймағына және беріктігін арттыру аймағына транспортталады, массивтердің төбешіктерін кеспес алдын және қоршаған ортаның температурасы 20⁰тан төмен болмауы қажет, бұл жерде аларласпа сутегінің бөліну реакциясы жүреді, кеуектер пайда болып араласпа көтеріледі. Сутегі бөлінгеннен кейін ашу процесінің уақытында материалда миллион ұсақ кеуектер пайда болады. 3-4 сағат созылады.

Көбіктенгеннен кейін газдыбетон араласпасында пайда болған төбешіктер кесіп алып тастайды. Төбешіктерді кескеннен кейінгі қалдықты газдыбетон араласпасын дайындау кезінде қайта қолданады, араластырғышқа белгілі бір мөлшерде қоса отырып.

Бұйып қалыпталып болғаннан кейін олардан төбешіктер кесілгеннен кейін оларды көтеріп қалып вагонеткаларға салады, және физико-химиялық процестер дами бастайды, ол цементті заттардың құрылымын қалыптауға негізделген.

1.7 Газдыбетон құрамын таңдау

Ұялы бетон құрамын мынандай ретпен таңдайды:

- араласпадағы кремнезем компонентінің байланыстырғышқа қатынасын қабылдайды;
- араласпаның берілген аққыштығын қамтамасыз ететін су қаттының С/Қ қатынасын анықтайды;
- илемге (P_n) кететін кеуектүзгіш мөлшерін анықтайды;
- сыналатын илемге кететін құрғақ материалдар, қоспа және судың шығыны анықталады. Сонымен қатар ұялы бетонның қасиетін ғана емес, қопсытылу температурасын және уақыт ұстамдылығын да ескереді.

Берілген тығыздылықтағы ұялы бетонға қжетті кеуектүзгіш мөлшерін анықтау үшін бетонның бастапқы кеуектілігін анықтайды (P_p)

$$P_p = 1 - \left(\frac{\rho_c}{\rho_{cs}} \right) \cdot (V_{уд} + B/T), \quad (1)$$

мұндағы ρ_c – кептірілген күйдегі ұялы бетонның тығыздылығы;

ρ_{cs} – материалдағы байланысқан суды ескеретін коэффициент;

$V_{мен}$ – құрғақ араласпаның меншікті көлемі.

Илемге кететін кеуектүзгіштің (P_n – алюминия ұнтағы) шығыны

$$P_{\Pi} = \left[\frac{P_p}{(\alpha_{\text{ххк}})} \right] \cdot V, \quad (2)$$

мұндағы α -ккееуктүзгішті пайдалану коэффициент; κ - ккееуктүзгіштің шығу коэффициенті; V -ұялы бетонды араласпаның берілген көлемі.

Илемге кететін материал шығыны мына формула бойынша анықталады

$$P_{\text{кұрғ}} = \left(\frac{\rho_c}{\kappa_c} \right) \cdot V; \quad (3)$$

$$P_{\text{байл}} = \frac{P_{\text{кұрғ}}}{(1+c)}; \quad (4)$$

$$P_{\Pi} = P_{\text{байл}} \cdot n; \quad (5)$$

$$P_{\text{эк}} = P_{\text{байл}} \cdot (1 - n); \quad (6)$$

$$P_{\text{иф}} = \left(\frac{P_{\text{эк}}}{A_{\text{ф}}} \right) \cdot 100; \quad (7)$$

$$P_{\text{в}} = \frac{P_{\text{кұрғ}} \cdot B}{T}; \quad (8)$$

$$P_{\text{к}} = P_{\text{кұрғ}} - (P_{\Pi} + P_{\text{иф}}); \quad (9)$$

мұндағы $P_{\text{кұрғ}}$ – илемге кететін материал шығыны;

ρ_c – кептірілген күйдегі ұялы бетонның тығыздығы;

κ_c - материалдағы байланысқан суды ескеретін коэффициент ($\kappa_c = 1,1$);

$V_{\text{менш}}$ – құрғақ араласпаның меншікті көлемі;

$P_{\text{байл}}$ - байланыстырғыш массасы;

n – аралас байланыстырғыштағы цемент мөлшері;

$P_{\text{эк}}$ – 100 % CaO тұратын тауарлы әктің массасы;

$P_{\text{иф}}$ - тауарлы әктің массасы;

$A_{\text{ф}}$ - тауарлы әктегі CaO нақты мөлшері (активтілігі);

$P_{\text{су}}$ - су мөлшері;

$P_{\text{к}}$ - кремнезем компонентінің массасы.

1 м³ газдыбетонға кететін материал шығынын анықталған $K_c = 1,13$; $C = 1,5$; $n = 0,5$; $C/K = 0,58$; $W = 0,49$; $\alpha = 0,73$ және $K = 1360$ л/кг мөлшерімен есептейді. Газдыбетон құрамының бастапқы мәліметтері мыналар болып табылады: құрғақ күйдегі газдыбетонның орташа тығыздығы, қатаю тәсілі, бастапқы материалдардың түрлері, беріктігі және орташа тығыздығы.

Берілген көрсеткіштер бойынша газдыбетон алу үшін орташа тығыздығы мен беріктік мәнін тәжірибе жүзінде судың қатты затқа қатынасымен, көбіктендіргіштің шығыны мен кремнезем компоненттерінің массалық қатынастары және байланыстырғыш заттармен есептеледі

$$\left(\frac{P_K}{P_{байл}} = C \right) \quad (10)$$

1м³ материалдың шығынын алдын ала есептейді

Газдыбетон қоспасының құрамын анықтау әдістемелік нұсқау арқылы іске асырылады. Тәжірибелі жолмен кремнеземі бар компоненттер мен тұтқыр арасындағы тиімді қарым-қатынас мағынасын анықтау. С-коэффициентінің, автоклавты газды силикатты бетон үшін, егер оның орташа тығыздығы-800 кг/м³ болған жағдайда, С=0,6.

Алдымен өндірілетін өнім стандартқа сай келедіма әлде сай келмейдіма анықтап алуымыз керек

$$\rho = 800 \text{ кг/м}^3$$

$$C = \frac{K_p}{B}$$

$$K_p = B - 1$$

$$\rho = B + K_p, \text{ яғни } 800 = B + B \cdot 0,6$$

$$800 = 1,6B$$

$$B = \frac{800}{1,6} = 500 \text{ кг}$$

$$\text{Кремнезем} = 0,6 \cdot 500 = 300 \text{ кг}$$

$$Z = B + \text{кремнезем}$$

$$Z = 500 + 300 = 800$$

$$800 \leq 800$$

$Z \leq 800$ кіші немесе тең болуы қажет өйткені біз өндіретін блоктың тығыздығы $\rho = 800 \text{ кг/м}^3$. Ал енді біз 1м³ газдыбетон блок өндіру үшін қанша көлемде шикізат екенін анықтап алуымыз керек. Алдымен байланыстырғыштың көлемін есептеп алайық.

Оның ішінде байланыстырғыштың 15% Су→Б болғандықтан 1м³ газдыбетонның құрамында $500 - 75 = 425$ байланыстырғыш.

$$500 \text{ кг} \rightarrow 100\%$$

$$x \text{ кг} \rightarrow 100\%$$

$$x = 7,5\%.$$

$$K = 425 \cdot 0,6 = 255$$

$$B = 425 \text{ кг}$$

$$\frac{C_y}{K} = 0,23$$

$$C_y = (K + B) \cdot \frac{C_y}{K} \quad (11)$$

$$C_y = (255 + 425) \cdot 0,23 = 156,4 \text{ л(кг)}$$

$$\rho_u = 3,1 \text{ кг/м}^3$$

$$\rho_k = 2,6 \text{ кг/м}^3$$

$$\rho_o = 2,7 \text{ кг/м}^3$$

$$\rho_{cy} = 1 \text{ кг/м}^3$$

$$\rho_{гипс} = 2,2 \text{ кг/м}^3$$

$$\text{Байланыстырғыш} = 425 \text{ кг}$$

$$Құм = 255 \text{ кг}$$

$$C_y = 156,4 \text{ л(кг)}$$

$$Ц = 50\% \quad Ц = 425 \cdot 50\% = 213 \text{ кг}$$

$$Әк = 45\% \quad Әк = 425 \cdot 45\% = 191 \text{ кг}$$

$$\text{Гипс} = 5\% \quad \text{Гипс} = 425 \cdot 5\% = 21 \text{ кг}$$

$$V = \frac{m}{\rho}, \quad (12)$$

$$V_k = \frac{255 \text{ кг}}{2,6} \approx 98,07 \text{ м}^3$$

$$V_o = \frac{191}{2,7} \approx 70,7 \text{ м}^3$$

$$V_e = \frac{21}{2,2} \approx 9,5 \text{ м}^3$$

$$V_u = \frac{213}{3,1} \approx 68,7 \text{ м}^3$$

$$V_{cy} = \frac{156,4}{1} = 156,4 \text{ м}^3$$

$$\sum V = 98,07 + 70,07 + 9,5 + 68,7 + 156,4 = 403 \text{ м}^3$$

1 м³ көлемінен байланыстырғышты алып тастаған кезде 1000 л - 425 л = 575

л

$$1 \text{ кг} \underline{\hspace{1cm}} 1390 \text{ л}$$

$$x \underline{\hspace{1cm}} 575 \text{ л}$$

$$x = 0,41 \text{ кг(л)}$$

1.8 Зауыттың технологиялық тізбегіндегі өнімділікті есептеу

Газдыбетон блоктарының компоненттерінің пайыздық үлесі

$$\sum = 156,4 + 255 + 213 + 191 + 21 + 0,41 = 836,81 \text{ кг}$$

1) Әк

$$191 \text{ кг} \underline{\hspace{1cm}} x\%$$

$$836,81 \text{ кг} \underline{\hspace{1cm}} 100\% \quad x=22,8\%.$$

2) Цемент

$$\begin{array}{l} 213 \text{ кг} \underline{\hspace{1cm}} x\% \\ 836,81 \text{ кг} \underline{\hspace{1cm}} 100\% \end{array} \quad x=25,4\%.$$

3) Құм

$$\begin{array}{l} 255 \text{ кг} \underline{\hspace{1cm}} x\% \\ 836,81 \text{ кг} \underline{\hspace{1cm}} 100\% \end{array} \quad x=30,5\%.$$

4) Гипс

$$\begin{array}{l} 21 \text{ кг} \underline{\hspace{1cm}} x\% \\ 836,81 \text{ кг} \underline{\hspace{1cm}} 100\% \end{array} \quad x=2,5\%.$$

5) Су

$$\begin{array}{l} 156,4 \text{ кг} \underline{\hspace{1cm}} x\% \\ 836,81 \text{ кг} \underline{\hspace{1cm}} 100\% \end{array} \quad x=18,7\%.$$

6) Газтүзгіш

$$\begin{array}{l} 0,41 \text{ кг} \underline{\hspace{1cm}} x\% \\ 836,81 \text{ кг} \underline{\hspace{1cm}} 100\% \end{array} \quad x=0,05\%.$$

Бұйымдардың жалпы салмағын анықтау

50000 м³ жылына.

$$\rho_o = 800 \text{ кг/м}^3$$

$$V = 0,288 \quad 0,2 \cdot 0,588 = 0,033 \text{ м}^3$$

$$m = V \cdot \rho_o = 0,033 \text{ м}^3 \cdot 800 = 26,4 \text{ кг}$$

$$0,033 \text{ м}^3 \underline{\hspace{1cm}} 26,4 \text{ кг}$$

$$50000 \text{ м}^3 \underline{\hspace{1cm}} 100\% \quad x = 40000000 \text{ кг} = 40000 \text{ т}$$

Цех өндірісінің техникалық бөлістерін есептеу

1) Сапаны бақылау кезіндегі ақаулар (1,5%)

$$Ж_{и} = \frac{Ж_r}{1 - \frac{Б}{100}} = \frac{40000}{1 - \frac{1,5}{100}} = 40609,1 \text{ т.}$$

Ақаулар мөлшері: 40609,1 - 40000 = 609,1 т/ж.

2) Автоклавта өңдеу кезінде жоғалу (1%)

$$Ж_{и} = \frac{40609,1}{1 - \frac{1}{100}} = 41019,2 \quad \text{т.}$$

Жоғалу мөлшері: 41019,2-40609,1=410,1 т/ж.

3) Қопсытылған массаны кесу кезіндегі жоғалу (1%)

$$Ж_{и} = \frac{41019,2}{1 - \frac{1}{100}} = 41433,5 \quad \text{т.}$$

Жоғалу мөлшері: 41433,5-41019,2=414,3 т/ж.

4) Массаны қалыптау кезіндегі жоғалу (1,5%)

$$Ж_{и} = \frac{41433,5}{1 - \frac{1,5}{100}} = 42064,5 \quad \text{т.}$$

Жоғалу мөлшері: 42064,5-41433,5=631 т/ж.

5) Араластыру кезіндегі жоғалу (0,5%)

$$Ж_{и} = \frac{42064,5}{1 - \frac{0,5}{100}} = 42275,8 \quad \text{т.}$$

Жоғалу мөлшері: 42275,8-42064,5=211,3 т/ж.

6) Цемент мөлшерін есептеу

$$\begin{array}{rcl} 42275,8 & \text{---} & 100\% \\ x & \text{---} & 14\% \end{array} \quad x=5918,6 \text{ т.}$$

Цементті дозалау кезіндегі жоғалу (0,3%)

$$Ж_{и} = \frac{5918,6}{1 - \frac{1}{100}} = 5978,3 \quad \text{т.}$$

Жоғалу мөлшері: 5978,3-5918,6=59,7 т/ж.

7) Құмның мөлшерін есептеу

$$\begin{array}{rcl} 42275,8 & \text{---} & 100\% \\ x & \text{---} & 30,5\% \end{array} \quad x=12894,1 \text{ т.}$$

Құмды дозалау кезіндегі жоғалу (0,4%)

$$Ж_{\text{м}} = \frac{12894,1}{1 - \frac{0,4}{100}} = 12945,8 \quad \text{т.}$$

Жоғалу мөлшері: 12894,1-12945,8=51,1т/ж.

8) Гипс мөлшерін есептеу

$$\frac{42275,8}{x} = \frac{100\%}{2,5\%} \quad x=1056,9\text{т}$$

Гипсті дозалау кезіндегі жоғалу (0,5%)

$$Ж_{\text{м}} = \frac{1056,9}{1 - \frac{0,5}{100}} = 1062,2 \quad \text{т.}$$

Жоғалу мөлшері: 1062,2-1056,9=5,3 т/ж.

9) Өк мөлшерін есептеу

$$\frac{42275,8}{x} = \frac{100\%}{22,8\%} \quad x=9638,9\text{т.}$$

Өкті дозалау кезіндегі жоғалу (0,5%)

$$Ж_{\text{м}} = \frac{9638,9}{1 - \frac{0,5}{100}} = 9687,3 \quad \text{т.}$$

Ақаулар мөлшері: 9687,3-9638,9=48,4 т/ж.

10) Су мөлшерін есептеу

$$\frac{42275,8}{x} = \frac{100\%}{18,7\%} \quad x=7905,6\text{т.}$$

Суды дозалау кезіндегі жоғалу (1%)

$$Ж_{\text{м}} = \frac{7905,6}{1 - \frac{1}{100}} = 7985,5 \quad \text{т.}$$

Ақаулар мөлшері: 7985,5-7905,6=79,9т.

11) Газтүзгіш мөлшерін есептеу

$$\begin{aligned} 42275,8 & \frac{100\%}{x \cdot 0,05\%} \\ x & = 21,13 \text{ т.} \end{aligned}$$

2 Кесте - 1 м³ газдыбетонға кететін материал шығыны

Материалдар атауы	Материал шығыны, кг
Әк	124
Цемент	124
Кремнезем компоненті	372
Су	360
Алюмини ұнтағы	0,336
Сулы алюминилі суспензияны дайындауға арналған Мылонафт (күрғақ затқа есептегенде)	0,017

1.9 Зауыттың материалдық балансын есептеу

8 Кесте-Материалдық баланс

Кіріс	Шығыс
1.Қоймаға заттың кірісі: Әк-9638,9т Цемент-5918,6 т Құм -12894,1т Гипс-1056,9 т Су-7905,6 т Газ түзгіш-21,13 т	1.Қоймаға дайын өнімнің кірісі: 40000т 2. Қайтарымсыз жоғалулар: Сапаны бақылау-609,1 т Автоклав-410,1т Масса кесу-414,3т Массаны қалыптау-631т Араластырғыш-211,3т Цемент (дозалау)-59,7т Құм (дозалау)-51,1т Гипс (дозалау)-5,3т Әк (дозалау)-48,4т Су (дозалау)-79,9т
Барлығы: 37435,23	Барлығы: 42520,2

Баланстың қиылыспаушылығы $42520,2 - 37435,23 = 5084,97$ т.жылына құрайды, яғни 0,4%. Қиыспаушылықтың рұқсат шегі-0,5%.

1.10 Технологиялық жабдықтарды есептеу

Технологиялық жабдықтарды есептеуге арналған жалпы формула мына формула бойынша анықталады:

$$N_m = \frac{Q_{сө}}{Q_{мсө} \cdot K_{упк}} \quad (13)$$

мұндағы N_m – қондырғыға тиісті машиналар саны;
 $Q_{сө}$ – сол шек бойынша сағаттық өнімділік;
 $Q_{мсө}$ – таңдалған типтік өлшемдегі машинаның сағаттық өнімділігі;

$K_{упк}$ – уақыт бойынша жабдықтарды пайдаланудың нормативті коэффициенті (0,8-0,9).

- 1) Ылғалды ұнтақтайтын шарлы диірменде кварцты құмды дайындау (өнімділігі 70 т/сағ)

$$N_m = \frac{4,74}{70 \cdot 0,9} = 0,07$$

СМ – 1456 диірменін 1 дана көлемінде таңдаймын

- 2) Газдыбетон араласпасын дайындау

$$N_m = \frac{4,74}{5 \cdot 0,9} = 0,85$$

СМС 40Б дірілді газдыбетонды араластырғышты 1 дана көлемінде таңдаймын.

Техникалық сипаттамасы:

- сыйымдылығы, м³	5
- тік біліктің тербеліс жиілігі, Гц	3,3
- білік қалақтарының диаметрі, кВт	700-1600
- орнатылған қуаттылығы, кВт	44,8
- габариттік өлшемдері, мм	
ұзындығы	5065
ені	4500
биіктігі	4100

- 3) Бұйымдарды қалыптау

$$N_m = \frac{Q_{сө}}{Q_{мсө} \cdot K_{упк}} = \frac{4,79}{32,3 \cdot 0,8} = 0,1$$

К- 4691Н ЛВ-37 дірілалаңын 1 дана көлемінде таңдаймын

Техникалық сипаттамалары:

Өнімділігі, м³/сағат.....	32,3
Жүк көтергіштігі, т	20,0
Қалыпталатын массивтің өлшемдері, мм	
ені	6400
ұзындығы	1200
биіктігі	600
бір уақытта қалыпталатын массивтер саны.....	2
орнатылған қуаттылығы, кВт	13
габариттік өлшемдері, мм	
ұзындығы.....	6030

ені 3480
 биіктігі..... 1180
 4) Таспалы конвейерлер санын анықтау

$$N_m = \frac{Q_{сө}}{Q_{смө} \cdot K_{упк}} = \frac{3,61}{5 \cdot 0,8} = 0,9$$

ТК-1Б таспалы конвейерін в дана көлемінде қабылдаймын. Таспалы конвейер ТК-1Б. Электрқозғалтқыш қуаттылығы 7,5 кВт.

5) Автоклав санын анықтау

Автоклавтың жылдық өнімділігі мына формула бойынша анықталады

$$Q_A = \frac{E_A}{T_A} = T_{жаб} \cdot K_p = \left(\frac{27}{13}\right) \cdot 5659 \cdot 0,9 = 10577 \text{ м}^3$$

мұндағы E_A – автоклактағы бұйым көлемі ($9 \times 3 = 27 \text{ м}^3$);

T_A – автоклакта өңдеу циклінің ұзақтылығы (13 сағат);

$T_{жаб}$ – сағатпен өлшегендегі автоклавтың таза жұмыс істеу уақытының жылдық қоры ($24 \times 262 \times 0,9$);

K_p – жоғалуды ескеретін коэффициент 0,9.

$$N = \frac{10000 \cdot 1,003}{10577 \cdot 0,95} = \frac{10030}{10048} = 0,99$$

СМ-545 автоклавын 1 дана көлемінде таңдаймын.

Техникалық сипаттамалары:

Автоклав диаметрі 2,6 м, ұзындығы 19 м. ЖЫӨ ұзақтылығы келесідей:

Қысымның көтерілуі - 1,5 сағат;

ұстамдылық - 6,5 сағат;

қысымды түсіру - 2 сағат;

Вакуумдеу - 1 сағат

Толық цикл – 11 сағат + 2 сағат жүктеу мен босату

Транспорт құралдарын есептеу

Көпірлі крандар

Көпірлі крандардың өнімділігі жүк көтергіштігі мен циклдің ұзақтылығына байланысты болады, (т/сағат)

$$P = Q \cdot n \cdot k \cdot k_1 \quad (14)$$

мұндағы Q – кранның номиналды жүккөтергіштігі, 5т;

n – сағаттық жұмыс циклінің мөлшері;

k – уақыт бойынша кранды пайдалану коэффициенті, 0,8;

k_1 – жүккөтергіштігі бойынша кранды пайдалану коэффициенті, 0,8.

Бір сағатта көпірлі кранның жұмыс циклінің мөлшері:

$$n = \frac{3600}{t} = \frac{3600}{\varepsilon (t_1 + t_2 + \dots + t_n)}$$

мұндағы t – асу, көтеру, ауыстыру, түсіру, жүкті тіркеу және бастапқы қалпына келтіруден тұратын көпірлі кранның жұмыс циклінің ұзақтылығы, с;
 ε – кран механизмдерінің жұмысының үйлесуін ескеретін коэффициент:

$$\varepsilon = 0,7-0,8;$$

Жүк көтергіштігі бойынша механизмді пайдалану коэффициенті:

$$k_1 = \frac{Q_c}{Q_5} = \frac{4}{5} = 0,8$$

мұндағы Q_c – аусысымына көтерілетін жүктің орташа массасы, т;
 Q_5 – кранның номиналды жүккөтергіштігі

$$n = \frac{3600}{0,8 \cdot (40 + 40 + 40 + 10 + 30 + 30)} = 30$$

$$П = 5 \cdot 30 \cdot 0,8 \cdot 0,8 = 96 \text{ т/сағат}$$

Орташа қуаттылығы 65 кВт

Электрлі жеткізу арбалары

Электрлі жеткізу арбаларының мөлшері мына формула бойынша анықталады:

$$N = \frac{m \cdot t}{60 \cdot P \cdot K} = \frac{20 \cdot 3}{60 \cdot 1 \cdot 0,9} = 1,1,$$

мұндағы m – уақыт периодындағы циклдер мөлшері;

t – цикл ұзақтылығы;

P – жұмыс уақытының қоры;

K – жабдықтарды пайдалану коэффициенті, $K = 0,9$.

Электрлі жеткізу арбасы См 546. Қуаттылығы 8,5 Квт.

Жүккөтергіштігі 25 т

